



# Maghjan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 52 (851) 26 желтоқсан 2024 жыл

[www.facebook.com/Maghjan\\_zhuldizi](https://www.facebook.com/Maghjan_zhuldizi)

[https://vk.com/Maghjan\\_zhuldizi](https://vk.com/Maghjan_zhuldizi)

e-mail: maghjan.zhuldizi@yandex.kz

## МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ



### ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

Баршаларыңызды Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Тарих қойнауына енгелі тұрған 2024 жылы есте қаларлық оқиғалар, экономикадағы жетістіктер, әлеуметтік саладағы оң өзгерістер аз орын алған жоқ. Бұл жетістіктерге біз сіздердің еңбектеріңіз бен ауызбіршіліктің арқасында ғана қол жеткіздік.

Биылғы көктемдегі су тасқыны бәріміз үшін нағыз сынақ болды. Мемлекет басшысы солтүстікқазақстандықтарға үлкен қолдау көрсетті, демеушілердің қаржылық көмегінің арқасында зардап шеккен тұрғындарға жаңа үйлер салынды және бүлінген баспаналары жөнделді. Табиғат апатымен құтқарушылар, еріктілер, полицейлер, қарапайым тұрғындар да күресті. Сіздердің күш-қуаттарыңыздың, өмірге деген құштарлықтарыңыздың арқасында кез келген күрделі жағдайды бірлесіп өңсереуге болатынын аңғардық. Су тасқынының өңір экономикасына тигізген кері салдарына қарамастан біз облысымыздың экономикалық дамуының оң қарқынын сақтап қалдық.

2024 жылы жаңа инфрақұрылымдық жобалар іске қосылды, жолдар, балабақшалар, мектептер, ауруханалар, спорт кешендері, жаңа өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары жөнделді және салынды.

Осы және басқа да көптеген жетістіктерге облыс тұрғындарының қажырлы еңбегінің нәтижесінде қол жеткізілді. Мен Сіздерге түсінгендеріңіз, сенім білдіргендеріңіз және қолдау көрсеткендеріңіз, еңбекқорлықтарыңыз бен өңірдің өміріне белсене қатысқандарыңыз үшін алғысымды білдіремін.

Жаңа жыл әрқайсымыз үшін игіліктер мен биік белестер уақыты болсын, дендеріңізге саулық, өр отбасына молшылық пен бақыт әкелсін.

Сіздерге шын жүректен бақыт, игілік тілеймін. Өңіріміз гүлдене берсін. Жаңа жыл тағы да құтты болсын!

**Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,**  
Солтүстік Қазақстан облысының өкімі.

### ҚҰРМЕТТІ МАҒЖАНДЫҚТАР!

Сіздерді келе жатқан 2025 жылмен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл - бұл әр адамның тағдырында жаңа парақ ашатын мереке, туыстарымыз бен жақындарымыздың отбасында болашаққа жоспар құратын уақыт.

Біздің мемлекетіміз үшін өткен жыл шын мәнінде жарқын, айтулы және оң өзгерістер жылы болды. Қиындықтарға қарамастан, елдегі және облыстағы ортақ күш-жігермен қойылған жоспарлар іске асырылды.

Өткен жылды қорытындылай келе Мағжан Жұмабаев ауданында көптеген жұмыстар атқарылды. Автомобиль жолдарын жөндеу, су тарату желілерін қайта жаңарту, денсаулық сақтау мекемелерін салу, білім беру және мәдениет объектілерін жөндеу бойынша үлкен жұмыстар жүргізілді, 45 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді, көзекте тұрғандар үшін 12 үй салынды. Жыл бойы «Таза Қазақстан» акциясы аясында елді мекендерді абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Біздің барлық жетістіктеріміз алдағы жылы да жарқын жалғасын табады деп сенемін. Алдағы жыл да өтіп бара жатқан жыл сияқты бай және жемісті өтуі керек.

Құрметті жерлестер!  
Сіздерді келе жатқан Жаңа жылмен құттықтаймын! Алдағы жыл Сіздердің отбасыларыңызға өркендеу әкелсін, үйлеріңізді жылулық пен жайлылыққа толтырсын. Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, бірлік, бәреке тілеймін!  
Жаңа жыл құтты болсын!

**Рахат СМАҒҰЛОВ,**  
Мағжан Жұмабаев ауданының өкімі.

## ҚОРЫТЫНДЫ СЕССИЯ



24 желтоқсан күні Мағжан Жұмабаев ауданы сегізінші шақырылған мәслихатының жиырма екінші кезекті сессиясы болып, оған аудан өкімі Рахат Смағұлов, мемлекеттік орган басшылары, Булаев қаласы мен ауылдық округ қатысты.

Аудандық мәслихаттың бос депутаттық мандатын тапсыру туралы ұйымдастыру мәселесі бойынша аудандық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Данияр Балғабайұлы Шайқенов мәлімет беріп, жаңадан сайланған депутат Әлібек Сапаровқа депутат төсбелгісі мен күлігін табыс етті.

- Құрметті депутаттар, Әлібек Әнуарбекұлы аудандық мәслихаттың депутаты болып сайлануымен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Сізге табыс және жемісті жұмыс тілеймін! Әлібек Әнуарбекұлы, отырып, жұмысқа кірісуіңізге болады, - деді аудандық мәслихат төрағасы Айзада Рахметова.

Одан әрі депутаттар сессияның күн тәртібі мен жүргізу регламенті бекітті. Атап айтқанда, сессияның күн тәртібіне келесі мәселелер шығарылды: Мағжан Жұмабаев ауданы өкімінің «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының 2024 жылдың өткен кезеңіндегі

әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы» есебі; Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының 2025-2027 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы; Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Булаев қаласы мен ауылдық округтерінің 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттерін бекіту туралы; Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының 2024 жылғы жұмысы туралы есеп; 2025 жылы Мағжан Жұмабаев ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге жәнетүрақелген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау ұсыну туралы; Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2024 жылғы 24 мамырдағы № 14-23 «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы өкімдігінің жанындағы терроризмге қарсы комиссияның құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы; Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев

ауданы мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы; 2023 жылы аудандық мәслихат сессияларының қарауына енгізілетін негізгі мәселелердің тізбесі туралы; Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихаты аппаратының құрылымы, штаттық саны және аудандық мәслихаттың 2024 жылғы шығыстарының жалпы сметасы туралы.

Баяндаушылар кезек-кезек сөз алып, депутаттар алдында сөз сөйледі. Барлық сұрақтар толық қаралып, халық қалаулылары тиісті шешім қабылдап, дауыс берді.

Содан соң, аудан өкімі Рахат Смағұлов Қазақстан Республикасы мәслихаттарының құрылғанына 30 жыл толуына орай ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді қатысқаны және көп жылғы адал еңбегі үшін бірқатар депутатқа Құрмет грамотасы мен Алғыс хаттар табыс етті. Сондай-ақ жетінші және сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың депутаты болған, адал еңбегімен атқарушы және өкілді билік арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға зор үлес қосқан Дәурен Қайшыбеков және аудандық мәслихат аппаратының бас маманы Қалия Қаржауова аудан өкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.





# БУЛАЕВТА ЖАҢАЖЫЛДЫҚ ШЫРША ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ



24 желтоқсан күні Булаев қаласының «Достық» мәдениет және демалыс саябағында жаңажылдық шырша шамын жағу рәсімі өтті. Аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары ұйымдастырған іс-шараға қатысқан халықтың қарасы қалып болды.

Құлақтан кіріп бойды алар өндер алаңға жиналған көпшіліктің көңіл күйін көтеріп, мерекелік оқиға естен кетпестей болды. Сондай-ақ Аяз ата мен Ақшақардың келуі, ертегі кейіпкерлері кенеттен пайда болуы, «Ханшайым» би тобының билері адамдарға ерекше әсер етіп, жұртшылық белсенділік танытты.

Саябаққа жиналған қалалықтарды Булаев қаласының әкімі Азамат Бірімжанов құттықтап, жерлеріне ізгі тілектерін арнады.

«Құрметті жерлерестер! Бүгін біз Жаңажылдық шырша шамын жаққалы отырмыз. Өткен жылға өкпе жоқ дегендей. Биыл қаламыз біраз көркейіп қалды. Өр салада абаттандыру, жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстары сәтті жүргізілді. Жылдың сәтті аяқталуына барша қалалықтар өзінше үлес қосты. Сондықтан барша жерлестерді келе

жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, амандық-саулық, бақыт пен табыс тілеймін, - деді Азамат Тоқышұлы.

Осыдан кейін Жаңажылдық шырша шамы жағылып, жұрт мез-мейрам, ал балалар мөре-сөре болды. Сонымен қатар, бұл күні «Үздік Жаңажылдық киім» байқауының қорытындысы шығарылып, жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен марапатталды. «Жұмбақты тап!» ойыны да қызықты өтіп, жеңімпаздары естелік сыйлықпен марапатталды.

Концерттік бағдарлама ойдағыдай өтіп, балалар сырғанақ теуіп, мұздам жасалған жануарлар мүсінінің жанында естелік суретке түсіп жатты. Арнайы ұйымдастырылған сауда-саттық барысында ыстық шай мен қауап, төттілер сатылды.

Еркін ТӨЛЕГЕН.



ТЖБ ЕСКЕРТЕДІ

## ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Мағжан Жұмабаева ауданының төтенше жағдайлар бөлімі Жаңа жыл мерекесі қарсаңында төтенше жағдайлардың алдын алу және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге орай, аудан аумағында «Мерекелік іс-шаралар өткізілетін орындарды қолдану тәртібін сақтау» мақсатында келесідей ұсыныс береді.

**Адамдар жаппай жиналатын іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу кезінде:**

- 1) кемінде екі эвакуациялық жолымен қамтамасыз етілген және жанғыш қалқалары бар ғимараттарда екінші қабаттан жоғары емес орналасқан үй жиылар ғана пайдаланылады;
- 2) жаңа жылдық шыршалар тұрақты негізде орнатылады, олармен үй-жайдан шығатын жолдарды үймелеуге жол берілмейді;
- 3) шырша бұтақтары қабырғалар мен төбеден кемінде 1 метр қашықтықта орналасады.
- 4) үй-жай электрмен жарықтандыру болмаған жағдайда шырша жанындағы мерекелік іс-шаралар тәуліктің жарық уақытында ғана өткізіледі;
- 5) жарықтандыру жұмыстары Электр қондырғыларын орнату ережесінің талаптарын сақтай отырып орындалады. Төмендеткіш трансформаторсыз электр жарықтандыру желісін пайдалану кезінде шыршада кернеуі 12 Вольтқа дейінгі шамдарды тізбектей қосу арқылы ғана гириандалар қолданылады. Шамдардың рұқсат етілген қуаты 25 Ватт. Сондықтан барша адамдардан мерекелік іс-шаралар өткізу орындарын қолдану кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін сақтауды сұраймыз.

Мағжан Жұмабаев ауданының төтенше жағдайлар бөлімі.

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

## ПИРОТЕХНИКА - ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС!

Отпашулар, салюттар - бұл жаңа жылдық мерекелердің безендірілуі, бірақ, өкінішке орай, олар ең қауіпсіз емес. Сапасыз пиротехникалық өнімдерді қолданудың салдары кейде өте қайғылы. Күйіктер мен түрлі жарақаттардан өртер мен өлімге дейін апарады.

Пиротехникалық өнімдердің ассортименті әсерлі. Олар сондай-ақ шапалақшылар, отпашулар, үшқындыр, салюттар, зымырандар (ұшатын, жер үсті, кішкентай, үлкен, тұрмыстық, техникалық мақсаттағы). Сондықтан, жаңа жыл қарсаңында осындай өнімді сатып алғанда, өзіңізді және жақындарыңызды қайғылы салдардан қорғауға көмектесетін Кеден одағының 006/2011 «Пиротехникалық бұйымдар» Техникалық регламентінде белгіленген ережелерді есте сақтау және сақтау қажет.

Мереке қарсаңында пиротехникалық өнімдерді сату нүктелерінің саны артады.

Сапасыз немесе ақаулы өнімді сатып алмау үшін пиротехникалық өнімді консультанттар мен барлық қажетті құжаттар бар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтайтын мамандандырылған бөлімдер мен дүкендерден ғана

сатып алған жөн. Консультант өнімнің әрбір түрі туралы өңімелейді, таңдауға көмектеседі, қолдану ережелерін, дайындаудың, іске қосудың, тұрмыстық сақтаудың қауіпсіз тәсілдерін, жоспарланбаған жағдайларда, оның ішінде өрт кезінде іс-қимылдарды түсіндіреді, осы пиротехникалық бұйымның қауіптілігі туралы ескертеді.

«Көпде, қолдан» ақша үнемдеуге және сатып алуға тырысу орынсыз үміттерге және бүлінген мерекеге толы. Мәселе мынада, пиротехникалық сақтауға ерекше талаптар қойылады, егер отпашулар немесе отпашулар дұрыс сақталмаса, бұл мерзімінен бұрын детонацияға әкелуі мүмкін. Сатып алу кезінде сіз өнімнің сыртқы түріне және дизайнына назар аударуыңыз керек. Деформацияланған немесе қаптамасы бұзылған бұйымдарды сатып алуға болмайды.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дүкендерінің сауда үй-жайларында тұрмыстық мақсаттағы пиротехникалық бұйымдарды сатуды тек мамандандырылған секцияларда сатушы-консультанттар жүргізеді, сатып алушылардың тұрмыстық мақсаттағы пиротехникалық бұйымдарға тікелей қол жеткізуіне жол берілмейді.

Халыққа сауатқа арналған барлық пиротехникалық бұйымдар міндетті сертификаттауға жатады, яғни әрбір бұйымда ЕАЭО нарығында бірсығай айналым белгісі болуға тиіс. Сондықтан, пиротехниканы сатып алғанда, сатушының белгілі бір өнімге сәйкестік сертификаты бар екеніне көз жеткізу керек. Қаптаманың тұтастығына, жарамдылық мерзіміне, таңбалаудың болуына және пайдалану нұсқауларына назар аударыңыз.

«Өкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 415 бабына сәйкес – «Қазақстан Республикасының Техникалық реттеу саласындағы заңнамасын бұзу», сәйкестік сертификатының өнімді өткізетіні үшін жеке тұлғаларға - 90 АЕК (332 280 теңге), лауазымды тұлғаларға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға-195 АЕК мөлшерінде айыппұл көзделген (719 940 теңге), орта кәсіпкерлік субъектілеріне - 310 АЕК (1 144 520 теңге), ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - 600 АЕК (2 215 200 теңге) мөлшерінде.

Мерекелерді жағымсыз оқиғамен ластамау үшін пиротехникалық бұйымдарды сатып алу және өңдеу кезінде қарапайым сақтық шараларын сақтау маңызды.

Толығырақ ақпаратты Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінен мына мекенжай бойынша білуге болады: Петропавл қ., Ульянов көшесі, 56, тел/факс 8(715 2) 52-74-97, электрондық поштасы: gosnadzor\_sko@mail.ru.

Екатерина ПАРИШИНА,  
ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаментінің бас маманы - СҚО мемлекеттік бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы.



## МӘСЛИХАТ АППАРАТЫ - ТАБЫСТЫ ЖҰМЫС КЕШІ

«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз жұмысын 1994 жылғы 31 наурыздан бастады.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәслихат аппараты мәслихат пен оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады, депутаттарға олардың өкілеттіктерін жүзеге асыруда көмектеседі. Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жататын аудандық мәслихаттың нормативтік құқықтық актілерін уақтылы және сапалы әзірлеуді, тексеруді, ресімдеуді және дайындауды қамтамасыз етеді, оларды мемлекеттік органның интранет-порталы арқылы мүдделі мемлекеттік органдармен келісуді қамтамасыз етеді.

Мәслихат аппараты 5 мемлекеттік қызметшіден тұрады.

Гүлжан Ескенқызы Аюпова - аппарат басшысы лауазымында 8 жыл, ал өкілді органдарда 16 жылдан астам қызмет атқарып келеді. Қалия Тамамдарқызы Қаржауова - ұйымдастыру жұмысы

жөніндегі бас маман осы ұжымда 20 жылдан астам қызмет атқарады. Татьяна Александровна Лакизо - іс жүргізу және кадр жұмысы жөніндегі бас маман мәслихат аппаратында 25 жылдан астам жұмыс істейді. Сондай-ақ, құқық қорғау органдарында жұмыс тәжірибесі бар бас маман-заңгер Расул Сайпулаевич Садықов және бухгалтерлік тәжірибесі мол бас маман-бухгалтер Елена Ивановна Серода ұжымда осы жылы жұмыс істей бастады.

Ұжым қызметкерлері ауданда өткізілетін барлық қоғамдық-саяси іс-шараларға белсенді қатысады. Бұл шешім қабылдай алатын білікті, кәсіби және жауапты мамандар. Барлық мамандардың үлкен еңбек және өмірлік тәжірибесі бар, бұл аппараттың оң жұмысын жақсартуға және жақсартуға ықпал етеді.

Аппаратта қызметтік және еңбек тәртібі сақталады. Жұмыс уақыты тиімді бөлінген, этикалық нормаларды сақтау және заңнаманы бұзушылықтарға жол бермеу бойынша жұмыстар тұрақты негізде жүргізіледі.

Жұмыс істеген жылдары Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихаты аудан тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту үшін өз сайлаушыларының ама-

наттарын орындау бойынша үлкен жұмыс жүргізді.

Аудандық мәслихат депутаттары әрқайсысы өз орнында аудан тұрғындарының әл-ауқатын арттыру бойынша белгіленген мақсаттарды сапалы орындау үшін өз мүмкіндіктерін барынша арттыратыны сөзсіз. Бұған мәслихат аппараты мамандарының жұмысы ықпал етеді.

Аудан мәслихатының 30 жылдық жұмысында көптеген жылдар бойы жұмыс істегеннен Байдақ Галина Павловна, Исенов Сағынтай Батталұлы, Торғашова Антонина Викторовна, Ысқақов Серік Құрбанұлы және Портнягина Валентина Александровна мәслихаттың табысты жұмысына елеулі үлес қосып, құрметті демалысқа шықты.

Мәслихат аппаратының ұжымын Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығымен және келе жатқан Жаңа 2025 жылмен құттықтаймын! Әр отбасына денсаулық пен амандық, барлық қоспалардың орындалуын және табыс тілеймін!

**Гүлжан АЮПОВА,**  
аудандық мәслихат аппаратының басшысы.



### АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ГАЗҒА ҚОСЫЛУҒА ӨТІНІШ БЕРЕ АЛАДЫ

Енді жеке үйлер мен жылжымайтын мүлік нысандарының иелері табиғи газға қосылудың техникалық шарттарын eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы онлайн түрде ала алады. Қызмет «QazaqGaz Aймақ» АҚ тұтынушыларына қолжетімді және жеке тұлғалар үшін тегін ұсынылады.



Газға қосылуға арналған техникалық шарттар - бұл өбектінің газ тарату жүйесіне қосу мүмкіндігін растайтын ресми құжат.

Қызметті мүлік иесі пайдалана алады. Ол үшін пайдаланушы қосымшада көрсетілген барлық міндетті өрістерді толықтырып, мүлікке тіркелген құқықтар туралы мәліметтерді растауы қажет.

#### Қызметті пайдалану үшін:

- eGov Mobile мобильді қосымшасында авторизациядан өтуі қажет және «Қызметтер» бөліміне өтіп, «Жылжымайтын мүлік және ТКШ» - «Газ тарату желілеріне қосылуға техникалық шарттар беру» батырмасын басу керек;
- газбен жабдықтау объектісінің түрін көрсету және жылжымайтын мүлік объектісін таңдау қажет;
- объектінің техникалық паспорттың тіркеу керек;
- техникалық шарттың түрін, газбен жабдықтау жүйелеріне қосылу себебін және газ шығынын көрсетуі қажет;
- газ жабдығының түрін таңдап, қосу, санын көрсетіп және «Жалғастыру» батырмасын басу керек;
- өтінімге Face ID/Touch ID арқылы қол қою қажет.

Өтінім дұрыс толтырылған жағдайда, қызмет көрсету нәтижесінде техникалық шарттар беріледі, оларды газ тарату ұйымы - «QazaqGaz Aймақ» АҚ ұсынады, немесе негізделген бас тарту шешімі шығарылады.

Табиғи монополиялар саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес техникалық шарттарды беруден бас тартуға келесі жағдайларда жол беріледі:

- реттелетін қызметтің талап етілетін көлемін ұсыну үшін қажетті бос және қолжетімді қуаттар, сыйымдылықтар, «QazaqGaz Aймақ» АҚ желілерінің орындары, өткізу қабілеттері болмаған жағдайда;
- «QazaqGaz Aймақ» АҚ желілері немесе реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін қажетті өзге де мүлік болмаған жағдайда.

Қызмет көрсету мерзімі объектінің күрделілігіне байланысты: техникалық жағынан күрделі емес объектілер үшін 5 жұмыс күні, күрделі объектілер үшін 10 жұмыс күні.

Жаңа функционал ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ, Энергетика министрлігімен және «QazaqGaz Aймақ» АҚ бірлесіп іске асырылды.

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ**  
Қоғаммен байланыс басқармасы.

### МАМАН КЕҢЕСІ

## БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ТӘРТІБІ



Биологиялық қалдықтар - бұл жануарлардың өлімі, ветеринариялық практикалық және ғылыми қызмет және тірі организмдермен және биологиялық тіндермен (материалдармен) эксперименттер нәтижесінде түзілетін, сондай-ақ өндіріс объектілерінің қызметі процесінде туындайтын материалдар, заттар, жануарлардың, өсімдік және минерал тектес қалдықтар (жануарлардың мейіттері, түсік тасталған және өлі туылған жемістер, ветеринариялық теркілеулер, жемшөп қалдықтары), жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (соода), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын ұйымдар, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу.

Жануар қайтыс болған, түсік тастаған немесе өлі туылған ұрық табылған сәттен бастап бір тәуліктен аспайтын мерзімде жеке және заңды тұлғалар бұл туралы ветеринария саласындағы маманға хабарлайды. Қолайсыз пункттерде биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату, жоюды мемлекеттік ветеринариялық ұйым жүзеге асырады. Биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату (қайта өңдеу, көму немесе өртеу) үшін жеткізуді жеке немесе заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Жануарлардың өлімі нәтижесінде пайда болатын биологиялық қалдықтарды кәдеге жарату кезінде мал қорымына тастамас бұрын жануарлардың мейіттері материалды ветеринариялық ілесіле құжаттармен сәйкестігін салыстырып тексеру жүргізе отырып, ветеринариялық тексеруден өткізеді. Жануарлардың өлімі нәтижесінде пайда болатын биологиялық

қалдықтарды төгуді жүзеге асырғаннан кейін мал қорымының қақпағы тығыз жабылады.

Жануарлардың өлімі, ветеринариялық практикалық және ғылыми қызмет және тірі организмдермен және биологиялық тіндермен (материалдармен) эксперименттер нәтижесінде пайда болатын биологиялық қалдықтарды жою арнайы қондырғыларда (инсинераторлар, крематор, мейітті жағатын пештер және осы мақсаттар үшін көзделген басқа да қондырғылар), жер траншеяларында (шұңқырларда), өзге де қолжетімді техникалық әдістермен өртеу әдісімен жүзеге асырылады

жанбайтын Бейорганикалық қалдық. Биологиялық материалдарды кәдеге жарату 3 кезеңге бөлінеді:

1. Ветеринариялық қызметтің білікті маманының биоматериалдарды тексеруі. Кәдеге жарату әдісін белгілеу.
2. Органикалық заттарды жою үшін арнайы бөлінген орындарға жинау және тасымалдау.
3. Кәдеге жарату арнайы крематорийлерде (инсинераторларда) өртеу жолымен жүргізіледі немесе хлорды қолдана отырып, мал қорымдарында кәдеге жаратылады.

**Елена ЯКУНИНА,**  
ветеринариялық дерігер.

### ДИҚАНДАР НАЗАРЫНА!

**BAITEREK AGROCREDIT**

## КЕҢ ДАЛА 2

### СЫЯҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ ЖЫЛДЫҚ

**5%**

call - орталық **5353**

АГРОКРЕДИТ КЗ

#### Құрметті клиенттер!

Бізге Сіз үшін керемет жаңалық бар! 2024-жылдың 1 қарашасында 2025-жылдың көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыруға «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша өтінім қабылдау басталды.

#### Бағдарлама шарттары

- Қаржыландыру жолдары:
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалдары;
- Несие серіктестіктері;
- Екінші деңгейлі банктер;
- Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар;
- Микроқаржы ұйымдары;
- Өңірлік инвестициялық орталықтар.

#### Нысаналы мақсаты

Айналым қаражатын толықтыруға несие беру (2025-жылдың көктемгі егін егу мен күзгі жиын-терім жұмыстарын жүргізу үшін);

АӘК субъектілерін қаржыландыру үшін өсімдік шаруашылығы өнімдерін сатып алуға аванс беру арқылы қайта өңдеу кәсіпорындарына айналым қаражатын толықтыруға несие беру (көктемгі егін егу мен күзгі жиын-терім жұмыстарын жүргізу үшін)

#### Сыйақы мөлшерлемесі:

Жылдық 5%, (ЖТСМ – жылдық 5%-дан бастап)

#### Кепілдікпен қамтамасыз ету:

Аграрлық несие корпорациясының кепіл саясаты талаптарына 100% сәйкестігі;

Қарыз сомасының 85%-ын «Даму» КДҚ» АҚ кепілдендіреді. Қарыздың қалған бөлігі мен сыйақы мөлшерлемесін фермер Аграрлық несие корпорациясының кепіл саясаты талаптарына жауап беретін кепілдікпен қамтамасыз етуі қажет.

#### Несие мерзімі:

2026 жылғы 1 наурызға дейін  
Бағдарламаның толық шартын [agroccredit.kz](http://agroccredit.kz) сайтынан оқи аласыздар.







Қаңтар/Январь							Ақпан/Февраль							Наурыз/Март							Сәуір/Апрель							
ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС	ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС	ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС	ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС	
ПН	ВТ	СР	ЧТ	ПТ	СБ	ВС	ПН	ВТ	СР	ЧТ	ПТ	СБ	ВС	ПН	ВТ	СР	ЧТ	ПТ	СБ	ВС	ПН	ВТ	СР	ЧТ	ПТ	СБ	ВС	
		<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>					<b>1</b>	<b>2</b>							<b>1</b>	<b>2</b>			<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>
<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	
<b>13</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>17</b>	<b>18</b>	<b>19</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>17</b>	<b>18</b>	<b>19</b>	<b>20</b>	
<b>20</b>	<b>21</b>	<b>22</b>	<b>23</b>	<b>24</b>	<b>25</b>	<b>26</b>	<b>17</b>	<b>18</b>	<b>19</b>	<b>20</b>	<b>21</b>	<b>22</b>	<b>23</b>	<b>17</b>	<b>18</b>	<b>19</b>	<b>20</b>	<b>21</b>	<b>22</b>	<b>23</b>	<b>21</b>	<b>22</b>	<b>23</b>	<b>24</b>	<b>25</b>	<b>26</b>	<b>27</b>	
<b>27</b>	<b>28</b>	<b>29</b>	<b>30</b>	<b>31</b>			<b>24</b>	<b>25</b>	<b>26</b>	<b>27</b>	<b>28</b>	<b>29</b>	<b>30</b>	<b>24</b>	<b>25</b>	<b>26</b>	<b>27</b>	<b>28</b>	<b>29</b>	<b>30</b>	<b>28</b>	<b>29</b>	<b>30</b>					

Мамыр/Май							Маусым/Июнь							Шілде/Июль							Тамыз/Август						
ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС	ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС	ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС	ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС
ПН	ВТ	СР	ЧТ	ПТ	СБ	ВС	ПН	ВТ	СР	ЧТ	ПТ	СБ	ВС	ПН	ВТ	СР	ЧТ	ПТ	СБ	ВС	ПН	ВТ	СР	ЧТ	ПТ	СБ	ВС
		<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>				<b>1</b>							<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>			<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	
<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>
<b>12</b>	<b>13</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>17</b>	<b>18</b>	<b>9</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>17</b>	<b>18</b>	<b>19</b>	<b>20</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>17</b>
<b>19</b>	<b>20</b>	<b>21</b>	<b>22</b>	<b>23</b>	<b>24</b>	<b>25</b>	<b>16</b>	<b>17</b>	<b>18</b>	<b>19</b>	<b>20</b>	<b>21</b>	<b>22</b>	<b>21</b>	<b>22</b>	<b>23</b>	<b>24</b>	<b>25</b>	<b>26</b>	<b>27</b>	<b>18</b>	<b>19</b>	<b>20</b>	<b>21</b>	<b>22</b>	<b>23</b>	<b>24</b>
<b>26</b>	<b>27</b>	<b>28</b>	<b>29</b>	<b>30</b>	<b>31</b>		<b>23</b>	<b>24</b>	<b>25</b>	<b>26</b>	<b>27</b>	<b>28</b>	<b>29</b>	<b>28</b>	<b>29</b>	<b>30</b>	<b>31</b>				<b>25</b>	<b>26</b>	<b>27</b>	<b>28</b>	<b>29</b>	<b>30</b>	<b>31</b>

Қыркүйек/Сентябрь							Қазан/Октябрь							Қараша/Ноябрь							Желтоқсан/Декабрь														
ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС	ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС	ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС	ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС								
ПН	ВТ	СР	ЧТ	ПТ	СБ	ВС	ПН	ВТ	СР	ЧТ	ПТ	СБ	ВС	ПН	ВТ	СР	ЧТ	ПТ	СБ	ВС	ПН	ВТ	СР	ЧТ	ПТ	СБ	ВС								
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>			<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>			<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>			<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>				
<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	<b>14</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	<b>14</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	<b>14</b>			
<b>15</b>	<b>16</b>	<b>17</b>	<b>18</b>	<b>19</b>	<b>20</b>	<b>21</b>	<b>13</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>17</b>	<b>18</b>	<b>19</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>	<b>13</b>	<b>14</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>17</b>	<b>18</b>	<b>19</b>	<b>20</b>	<b>21</b>	<b>15</b>	<b>16</b>	<b>17</b>	<b>18</b>	<b>19</b>	<b>20</b>	<b>21</b>	
<b>22</b>	<b>23</b>	<b>24</b>	<b>25</b>	<b>26</b>	<b>27</b>	<b>28</b>	<b>20</b>	<b>21</b>	<b>22</b>	<b>23</b>	<b>24</b>	<b>25</b>	<b>26</b>	<b>17</b>	<b>18</b>	<b>19</b>	<b>20</b>	<b>21</b>	<b>22</b>	<b>23</b>	<b>22</b>	<b>23</b>	<b>24</b>	<b>25</b>	<b>26</b>	<b>27</b>	<b>28</b>	<b>22</b>	<b>23</b>	<b>24</b>	<b>25</b>	<b>26</b>	<b>27</b>	<b>28</b>	
<b>29</b>	<b>30</b>						<b>27</b>	<b>28</b>	<b>29</b>	<b>30</b>	<b>31</b>			<b>24</b>	<b>25</b>	<b>26</b>	<b>27</b>	<b>28</b>	<b>29</b>	<b>30</b>	<b>31</b>	<b>29</b>	<b>30</b>	<b>31</b>					<b>29</b>	<b>30</b>	<b>31</b>				

Қазақстан Республикасының мерекелік күндері / Праздничные дни Республики Казахстан

- |                             |  |                        |  |                         |                             |                                |  |
|-----------------------------|--|------------------------|--|-------------------------|-----------------------------|--------------------------------|--|
| <b>1-2 қаңтар</b><br>января | Жаңа Жыл<br>Новый Год                                  | <b>21-23</b><br>наурыз | Наурыз мейрамы<br>Праздник Наурыз  | <b>9 мамыр</b><br>мая   | Жеңіс күні<br>День Победы   | <b>30 тамыз</b><br>августа     | Конституция күні<br>День Конституции   |
| <b>7 қаңтар</b><br>января   | Рождество  | <b>1 мамыр</b><br>мая  | Қазақстан халқының бірлігі мерекесі<br>Праздник единства народа Казахстана | <b>6 маусым</b><br>июня | Құрбан Айт<br>Курбан Айт    | <b>25 қазан</b><br>октября     | Республика күні<br>День Республики     |
| <b>8 наурыз</b><br>марта    | Халықаралық ебілдер күні<br>Международный женский день | <b>7 мамыр</b><br>мая  | Отан Қорғаушы күні<br>День защитника Отечества                             | <b>6 шілде</b><br>июля  | Астана күні<br>День столицы | <b>16 желтоқсан</b><br>декабря | Тәуелсіздік күні<br>День Независимости |



# Жылан жылы: 2025 жыл қандай болады?

## ЖЫЛ ҚАЙЫРУ

Қазақ жыл қайыру - он екі жылдан тұрады. Он екі жылды ата-бабамыз бір мүшел деп санаған. Әр мүшел он екі түрлі аң мен жануардың атымен аталған.

Бірінші - тышқан жылы, екінші - сиыр, үшінші - барыс, төртінші - қоян, бесінші - ұлу, алтыншы - жылан, жетінші - жылқы, сегізінші - қой, тоғызыншы - мешін, оныншы - тауық, он бірінші - ит, он екінші - доңыз жылы. Әрбір жануардың жылы наурызда кіреді.

Әр мүшел аяқталып, екіншісі басталғанда, он үшінші жыл тағы да тышқаннан саналып, есеп қайта ашылады. Бірінші мүшел - 13 жас, содан кейін он екі жылдан қосыла береді.

## ЖЫЛАН ЖЫЛЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Жылан жылы - қазақ дәстүрінде ақыл-парасаттың, сақтықтың және терең ойдың символы. Бұл жылды қазақтар ерекше құрметтеген, өйткені жылан табиғаттың тепе-теңдігін сақтаушы ретінде танылған.

- Мінез-құлық: Жылан - суыққанды, бірақ ақылды, сабырлы, кейде тіпті қулыққа бейім. Мұндай қасиеттер жылан жылында туылған адамдарға да жақтырылған.

- Кезеңнің сипаты: Жылан жылы тыныштық пен сақтықты қажет етеді. Бұл жылы басталған істерде асығыстыққа жол бермеу маңызды.

## ЖЫЛАНҒА ҚАТЫСТЫ ҚАЗАҚТЫҢ НАНЫМДАРЫ

- Киелі жануар: Қазақтар жыланды ерекше киелі деп санаған. Жыланға құрметпен қарау оның ырыздық пен

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРІНДЕ ЖЫЛ САНАУДЫҢ 12 ЖЫЛДЫҚ ЦИКЛІ ЕРЕКШЕ ОРЫН АЛАДЫ. ӘР ЖЫЛ ЖАНУАР АТЫМЕН АТАЛЫП, ӨЗІНДІК МІНЕЗ БЕН ҚАСИЕТКЕ ИЕ ДЕП ЕСЕПТЕЛЕДІ. СОЛАРДЫҢ БІРІ - ЖЫЛАН ЖЫЛЫ. ОЛ ҚҮРДЕЛІЛІГІМЕН, ЖҰМБАҚТЫЛЫҒЫМЕН ЖӘНЕ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ТОЛЫ КЕЗЕҢДЕРІМЕН ТАНЫМАЛ.



тыныштық әкелетінін білдіреді.

- Жыланға зиян келтірмеу: Егер жылан үйге кірсе, оны өлтірмей, шығарып жіберу керек деп сенген. Бұл ырыс пен құт шақыратын белгі ретінде қарастырылған.

- Жыланның көргендігі: Жыланды даналық пен көргендіктің символы

ретінде қабылдап, қиын кезеңдерде оның ақылы мен сақтығы адамға үлгі болады деп есептеген.

## ЖЫЛАН ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Жылан жылы қазақ тарихында маңызды оқиғалармен есте қалған. Бұл жылдар

өдетте үлкен өзгерістер мен сынақтарға толы болған. Алайда, қиындықтарды еңсеру арқылы жаңа мүмкіндіктер ашылған.

- Бейімделу кезеңі: Қазақтар Жылан жылы қиыншылықтарға қарамастан, осы кезеңді бейімделудің және жаңарудың уақыты деп санаған.

- Тарихи оқиғалар: Белгілі тарихи жылдарда Жылан жылы маңызды бетбұрыстардың уақыты болған, бұл ұлт үшін сабақ алатын кезең ретінде қарастырылған.

## ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН АДАМДАР

Жылан жылы дүниеге келген адамдар туралы қазақтар ерекше айтқан. Олар:

- Ақылды және интуициясы жоғары.

- Сабырлы, бірақ шешім қабылдағанда табанды.

- Құпияшыл және өз ойларын әрдайым ашық айтпайды.

## ҚАЛАЙ ҚАРСЫ АЛУ КЕРЕК?

Бүгінгі таңда Жылан жылы өзгерістер мен жаңа мүмкіндіктерге дайын болуды мензейді. Бұл жыл адамға өз өмірін қайта қарап, жаңа жоспарлар құруға мүмкіндік береді.

Жылан жылы қазақ халқы үшін тек жыл қайыру жүйесінің бір бөлігі ғана емес, терең мағыналы кезең. Бұл жыл сабырлық пен ақылмен әрекет етуге шақырады, ал қиындықтардан сабақ алудың және жаңа деңгейге көтерілудің мүмкіндігі ретінде қарастырылады. Жылан жылы келгенде қазақ халқы үмітпен, сақтықпен және жаңа бастамаларға дайындықпен қарсы алған.

# 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖҰЛДЫЗ ЖОРАМАЛ

## 1. ТОҚТЫ (21 НАУРЫЗ – 19 СӘУІР)

2025 жыл Тоқтылар үшін айтарлықтай маңызды кезең болмақ. Бұл жылы өзіңізге жаңа мақсаттар қоюға, жеке өміріңізде жаңалықтар енгізуге мүмкіндік тумақ. Қаржы мен кәсіби салаларда өсім байқалады, бірақ өзіңіздің шекараңызды және басқалармен қарым-қатынас аясын сақтау маңызды болады. Сіздің күш-жігеріңіз бен батыл шешімдеріңіз жаңа биіктерге жетуге жол ашады.

**Мүмкіндіктер:** Жаңа жобалар мен идеялар. Өмірлік серігіңізбен қарым-қатынасқа ерекше назар аударыңыз.

**Қиындықтар:** Дұрыс тепе-теңдікті орнату, әсіресе жеке өмір мен кәсіби қызмет арасында.

## 2. ТОРПАҚ (20 СӘУІР – 20 МАМЫР)

Торпақтар үшін 2025 жыл - тұрақтылық пен өзін дамыту жылы. Бұл жылда өзіңізді табуға және ішкі дүниенің үйлесімділігін орнатуға ерекше мән беріледі. Қаржы мәселелерінде оң нәтижелер күтіледі, алайда кейбір жағдайларда күткен нәтижелерге қол жеткізу үшін көп еңбек ету қажет.

**Мүмкіндіктер:** Қаржылық тұрғыда тұрақтылық, жеке даму.

**Қиындықтар:** Үйлесімділік пен ішкі тыныштықты сақтау керек.

## 3. ЕГІЗДЕР (21 МАМЫР – 20 МАУСЫМ)

2025 жылы Егіздер үшін жаңашылдықтар мен өзгерістер жылы болады. Қоғамдық өмір мен әлеуметтік байланыстар сіз үшін ерекше маңызды болып, жаңа достар мен серіктестер табуға мүмкіндіктер туады. Кәсіби салада жетістікке жету үшін сіздің көшбасшылық қасиеттеріңізді көрсетуге тура келеді.

**Мүмкіндіктер:** Жаңа таныстықтар мен байланыстар, кәсіби жетістіктер.

**Қиындықтар:** Өзіңізге көп нәрсені алу үшін өзіңізге дұрыс бағыт таңдау керек.

## 4. ШАЯН (21 МАУСЫМ – 22 ШІЛДЕ)

Шаяндар үшін 2025 жыл өте маңызды өзгерістер әкелуі мүмкін. Бұл жылда жеке өміріңізде және кәсіби салаларда көптеген жаңалықтар мен өзгерістер күтіледі. Шаяндар өз өмірінде жаңа міндеттер мен мақсаттарға назар аударып, өздерін жанаша қырынан көрсетеді. Бұл уақытта отбасымен байланыс пен қамқорлық ерекше маңызды болады.


**Мүмкіндіктер:** Отбасы мен қарым-қатынас мәселелерінде жаңа бастамалар, жаңа жобалар мен мүмкіндіктер.

**Қиындықтар:** Өткен мәселелерді шешу және жаңа мүмкіндіктерді қабылдау.

## 5. АРЫСТАН (23 ШІЛДЕ – 22 ТАМЫЗ)

2025 жыл Арыстандар үшін өзін көрсету, шығармашылық жобаларды жүзеге асыру жылы. Бұл жылда сіздің энергияңыз жоғары болады, шығармашылық идеяларыңызды іске асыруға күш-қуат жетеді. Сіздерге

2025 жыл — жаңа бастамалар мен өзгерістердің жылы болуы мүмкін. Әр зодиак белгісіне өзіңізді әсерін тигізетін маңызды кезең. Бұл жылы көптеген зодиак белгілері жаңа мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндерді қабылдай отырып, өздерінің өміріндегі маңызды өзгерістерге дайын болады. 2025 жылдың жұлдызжорамалын әр зодиак белгісіне бөліп қарастырайық.



керекті қолдау мен ресурстар пайда болады, бірақ сіздің мақсаттарыңыз бен талпыныстарыңыз көп уақыт алуы мүмкін.

**Мүмкіндіктер:** Шығармашылық жобалар мен жаңа бастамалар, кәсіби дамуға мүмкіндіктер.

**Қиындықтар:** Өзіңізге тым көп жүктеме алмау, ішкі тыныштықты сақтау.

## 6. БИКЕШ (23 ТАМЫЗ – 22 ҚЫРКҮЙЕК)

2025 жылы Бикештер үшін кәсіби саласында өсім мен жетістіктер күтілуде. Бұл жылда Бикештер көп жұмыс істеуге және жаңалықтарды қабылдауға дайын болуы керек. Жеке өмірде және жақын адамдармен қарым-қатынастарда үйлесімділік орнату маңызды болады.

**Мүмкіндіктер:** Кәсіби табыс, жаңа мақсаттарға жету, тұрмыстық мәселелерді шешу.

**Қиындықтар:** Жұмыс пен жеке өмір

арасындағы тепе-теңдікті сақтау.

## 7. ТАРАЗЫ (23 ҚЫРКҮЙЕК – 22 ҚАЗАН)

2025 жыл Таразылар үшін даму мен шығармашылыққа толы жыл болмақ. Бұл жылы сіздің қарым-қатынастар мен тұлғалық өсуіңізге үлкен өзгерістер орын алады. Жаңа мүмкіндіктер мен бастамалар жаңа таныстар мен қызықты жобаларды әкелуі мүмкін. Кәсіби салада мүмкіндіктер мол, бірақ сізге шешім қабылдау кезінде көбірек тәуекелге баруға тура келеді.

**Мүмкіндіктер:** Шығармашылық өсу, жаңа таныстықтар мен қарым-қатынастар.

**Қиындықтар:** Өзіңізге тым көп міндеттер алмау.

## 8. САРЫШАЯН (23 ҚАЗАН – 21 ҚАРАША)

2025 жыл Сарышаяндар үшін жеке өмір мен қарым-қатынасқа ерекше назар аударылатын жыл болады. Қаржы мәселелері

бойынша жақсы мүмкіндіктер бар, бірақ бұл жылда өзіңізге уақыт бөліп, өмірдегі маңызды нәрселерге көңіл бөлу қажет. Сарышаяндар көп жағдайда өздері үшін ерекше өзгерістер енгізіп, жаңа жолдарды іздейді.

**Мүмкіндіктер:** Қаржы табысы, жеке даму, романтикалық қарым-қатынас.

**Қиындықтар:** Шешім қабылдауда асықпау, шектен шықпау.

## 9. МЕРГЕН (22 ҚАРАША – 21 ЖЕЛТОҚСАН)

2025 жылы Мergenдер үшін жаңа бастамалар мен мүмкіндіктерге толы болмақ. Сіздерге жаңа білім мен тәжірибе алуға жағдай туындайды, және осы білімдер сіздің кәсіби даму мен өмір сапасын жақсартуға көмектеседі. Mergenдер өз мақсаттарына жету үшін үнемі өзгерістерге дайын болу қажет.

**Мүмкіндіктер:** Білім мен саяхат, кәсіби даму.

**Қиындықтар:** Өзіңізге тым көп міндет алмау, асықпаңыз.

## 10. ТАУЕШКІ (22 ЖЕЛТОҚСАН – 19 ҚАҢТАР)

2025 жылы Тауешкілердің өмірінде қаржылық тұрақтылық пен кәсіби жетістіктер күтіледі. Бірақ бұл жылда Тауешкілер көп күш-жігер жұмсап, өздерінің қаржылық және кәсіби мақсаттарына жету үшін көптеген терең өзгерістерге дайын болуы керек.

**Мүмкіндіктер:** Қаржылық табыс, кәсіби жетістік.

**Қиындықтар:** Өткен кезеңдерден құтылып, жаңашылдыққа ашық болу.

## 11. СУҚҮЙҒЫШ (20 ҚАҢТАР – 18 АҚПАН)

2025 жылы Суқұйғыштар үшін өзін көрсету және шығармашылыққа жол ашатын кезең болмақ. Бұл жылда сіздің қоғамдық қызметіңіз ерекше маңызды болады. Қоғамдық жұмыстар мен қарым-қатынастарда үлкен жетістіктерге жетуге мүмкіндік тумақ.

**Мүмкіндіктер:** Шығармашылық жобалар, қоғамдық қызмет.

**Қиындықтар:** Жеке және кәсіби өмірді үйлестіру.

## 12. БАЛЫҚТАР (19 АҚПАН – 20 НАУРЫЗ)

2025 жылы Балықтар үшін өз ішкі өлемімен байланыс орнату және рухани даму кезеңі. Балықтар кәсіби салада өсім мен жетістікке жетуге мүмкіндік алады. Дегенмен, өз эмоцияларына бей-жай қарамауыңыз керек.

**Мүмкіндіктер:** Рухани даму, қаржылық мүмкіндіктер.

**Қиындықтар:** Өз-өзіңізді жоғалтпау, эмоциялар мен ойлар арасында тепе-теңдікті сақтау.

## ҚОРЫТЫНДЫ

2025 жыл әр зодиак белгісі үшін ерекше мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндерді алып келеді. Бастысы, өз мақсаттарыңызға жету үшін ашық болу, өзгерістерге дайын болу және өзіңізге сенімді болу керек.



Дүйсенбі, 29 желтоқсан	Сейсенбі, 30 желтоқсан	Сәрсенбі, 1 қаңтар	Бейсенбі, 2 қаңтар	Жұма, 3 қаңтар	Сенбі, 4 қаңтар	Жексенбі, 5 қаңтар
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05, 02.40 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!». 07.00 «АҢСНОЛРАН». 10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.00 М/Ф «МОАНА». 13.35 М/Ф «МАҚТАНШАҚ ҚЫЗ». 14.00, 17.00, 20.00, 01.05 АҚПАРАТ. 14.10 «АПТА». 15.00 «ЖАРЫЛҚА, ЖАҢА ЖЫЛ». 17.10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 19.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 20.30 «КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ». 21.25 Т/Х «КӨРШІННІ ҚЫЗЫ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 «ЖАР-ЖАР» Х/Ф. 01.40 САНА.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «БЕРЕКЕЛІ ЖЫЛ БОЛСЫН!». 08.25 М/Ф «МОАНА». 10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.00 М/Ф «ЭНКАНТО». 13.40 М/Ф «МОМЫН МЕН ҚАРАҚШЫЛАР». 14.00, 17.00 АҚПАРАТ. 14.10 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ». 17.20 «ЕРКЕБАЙ», Х/Ф. 19.00 «ТҮРКІЯДАҒЫ ҚАЗАҚША БИЗНЕС» Х/Ф. 21.00, 00.00, 01.30, 04.05 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ - 2025!». 23.50 ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Қ. ТОҚАЕВТЫҢ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ҚУТТЫҚТАУЫ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖАРЫЛҚА, ЖАҢА ЖЫЛ!». 07.30 «ЕРКЕБАЙ», Х/Ф. 09.00 «БЕРЕКЕЛІ ЖЫЛ БОЛСЫН!». 10.10 «ТҮРКІЯДАҒЫ ҚАЗАҚША БИЗНЕС» Х/Ф. 12.00 М/Ф «МҮЗДЫ ӨЛКЕ-1». 13.30 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ- 2025!». 17.00 «КЕЗДЕЙСӨК ӨКЕ» Х/Ф. 18.20 М/Ф «ЭНКАНТО». 20.00 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА-2» Х/Ф. 21.45 «НУРИКАМАЛ» Х/Ф. 23.25 «ЖҮЛДИЗДЫ ЖҮП». 01.10 «КЕЗДЕЙСӨК ӨКЕ» Х/Ф. 02.25 «ӘН МЕН ӘНШІ».	06.00 ӘНУРАН. 06.05 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!». 08.30 М/Ф «МҮЗДЫ ӨЛКЕ-1». 10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.00 М/Ф «МҮЗДЫ ӨЛКЕ-2». 13.35 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА-2» Х/Ф. 15.20, 22.00 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 16.20 «НУРИКАМАЛ» Х/Ф. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 19.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 20.00 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА-2» Х/Ф. 23.15 Т/Х «IQANAT OFF- LINE». 01.00 «КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ». 02.15 «БІРЕГЕЙ» Д/Ф. 03.00 «АТАМЕКЕН».	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 03.15 АУЫЛДАСТАР. 06.30, 02.30 «ІНЖУ- МАРЖАН». 07.15 «БІРЕГЕЙ», Д/Ф. 08.00, 02.05 АТАМЕКЕН. 08.25 М/Ф «МҮЗДЫ ӨЛКЕ-2». 10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.00 М/Ф. 13.35 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА-2», Х/Ф. 15.45 «ЖАҚСЫЛЫҚПЕН КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ — 2025!». 17.00, 01.05 АҚПАРАТ. 17.20 Д/Ф. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 19.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 20.00 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА-3» Х/Ф. 21.45 «КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ». 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 Т/Х «IQANAT OFF- LINE». 01.35 Д/Ф. 02.35 АТАМЕКЕН.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 АУЫЛДАСТАР. 06.30 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 07.15 КӨНІЛ ТӨЛҚЫНЫ. 08.20 М/Ф «МҮЗ ДӘУІРІ 3: ДИНОЗАВРЛАР КЕЗІН». 10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.00 М/Ф. 13.25 «ҮЙДЕ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛҒАНДА-3» Х/Ф. 15.10 ДАРА БАЛА. 16.15, 17.20 Қ.РАХЫМНЫҢ КОНЦЕРТІ. 17.00, 01.15 АҚПАРАТ. 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 19.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 20.00 «МҮЗЕЙДЕГІ ТҮН» Х/Ф. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 Т/Х «IQANAT OFF- LINE». 01.35 Д/Ф. 02.35 АТАМЕКЕН.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30 АУЫЛДАСТАР. 07.00, 02.50 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ», Д/Ф. 07.45 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...». 08.35 М/Ф «МҮЗ ДӘУІРІ 4: ҚҰРЛЫҚТАРДЫҢ ЖЫЛЖУЫ». 10.00 Т/Х «САБАЗ БЕН СҮЛУ». 12.00 М/Ф. 13.35 «МҮЗЕЙДЕГІ ТҮН» Х/Ф. 15.30 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 18.00 Т/Х «ҚОЛ СОЗҒАН ҮМІТ». 19.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 20.00 «МҮЗЕЙДЕГІ ТҮН-2» Х/Ф. 22.15 Т/Х «ӨГЕЙ ӨМІР». 23.15 Т/Х «IQANAT OFF- LINE». 01.05 Д/Ф. 02.05 «КҮМІС КӨМЕЙ».

Дүйсенбі, 30 желтоқсан	Сейсенбі, 31 желтоқсан	Сәрсенбі, 1 қаңтар	Бейсенбі, 2 қаңтар	Жұма, 3 қаңтар	Сенбі, 4 қаңтар	Жексенбі, 5 қаңтар
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 КІМ МЫҚТЫ? 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф «ПАНДА И КИВИ». 10.15 М/Ф. 11.30 ТАМАША. 12.00 COVER SHOW. 13.00 Т/Х «КЕЛШЕЖАН-2». 14.00, 20.00 Т/Х «ӨМІР ҒАЖАП». 16.00, 21.45 Т/С «МАЖОР-2». 18.00 PRESIDENT. 18.30 НОВОСТИ. 19.00 ӘЛЕУМЕТ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 23.30 «ЕЛКИ» Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 10.30 М/Ф «КРАСНЫЕ ТУФЕЛЬКИ И СЕМЬ ГНОМОВ». 12.00 ТАМАША. 13.15 РЕТРО ДИСКОТЕКА. 14.30 «ЕЛКИ» Х/Ф. 16.00 Т/С «МАЖОР-2». 18.00 Х/Ф. 22.00, 00.00 ҒАЖАЙЫП ТҮН 2025. 23.50 ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Қ. ТОҚАЕВТЫҢ ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ҚУТТЫҚТАУЫ. 01.00 ЖАҢА ЖЫЛДЫҢ БАСТЫ ХАБАРЫ. 03.00 GRAND HOTEL. КНАВАР. 05.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 «ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА». 08.00 М/Ф. 09.45 М/Ф «КРАСНЫЕ ТУФЕЛЬКИ И СЕМЬ ГНОМОВ». 11.15 М/Ф. 13.00 Х/Ф. 15.00 ҚЫЗЫҚ ПРЕМИЯ 2024. 17.00 РЕТРО-ДИСКОТЕКА. 18.00, 00.00 КОНЦЕРТ. 20.00 «ӘКІМ ӘЙЕЛ» Х/Ф. 22.00 «ЕЛКИ-2» Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 КОНЦЕРТ. 06.00 ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА. 08.00 М/Ф «УМКА». 09.30, 11.00 М/Ф. 13.00 «ӘКІМ ӘЙЕЛ» Х/Ф. 15.00 «ЕЛКИ-2» Х/Ф. 17.00 РЕТРО ДИСКОТЕКА. 18.00 КОНЦЕРТ. 20.00 «БІЗ ЕКЕУМІЗ», Х/Ф. 22.00 «ЕЛКИ-3» Х/Ф. 00.00 КОНЦЕРТ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00, 00.00 КОНЦЕРТ. 06.00 ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ТОПТАМА. 08.00 М/Ф «УМКА». 09.15 М/Ф. 11.00 М/Ф «ПРИКЛЮЧЕНИЯ ПАДДИНГТОНА». 13.00 «БІЗ ЕКЕУМІЗ» Х/Ф. 15.00 «ЕЛКИ-3» Х/Ф. 17.00 СБОРНИК. «НОВЫЙ ГОД 2024». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Д/Ф. 19.30 ТАМАША. 20.00 «ПАПА ПОНЕВОЛЕ» Х/Ф. 22.00 «ЕЛКИ-5» Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 06.00, 00.00 КОНЦЕРТ. 08.30 М/Ф. 10.00 М/Ф «ПРИКЛЮЧЕНИЯ ПАДДИНГТОНА». 11.30 М/Ф «ПРИКЛЮЧЕНИЯ ПАДДИНГТОНА-2». 13.00 «ПАПА ПОНЕВОЛЕ» Х/Ф. 15.00 «ЕЛКИ-5» Х/Ф. 17.00 ҒАЖАЙЫП ТҮН 2025. 20.00 «МОЯ БОЛЬШАЯ КАЗАХСКАЯ СЕМЬЯ» Х/Ф. 22.00 «ЕЛКИ НОВЫЕ» Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 АСЫЛ ҚАЗЫНА. 06.00, 00.00 КОНЦЕРТ. 08.00 М/Ф «МОНСИКИ». 09.45 М/Ф. 11.15 М/Ф «БЕЛОСНЕЖКА: МЕСТЬ ГНОМОВ». 13.00 «МОЯ БОЛЬШАЯ КАЗАХСКАЯ СЕМЬЯ» Х/Ф. 15.00 «ЕЛКИ НОВЫЕ» Х/Ф. 17.00 ОЙНАҚ. 18.00 ҚЫЗЫҚ ПРЕМИЯ 2024. 20.00 «ЖЕНАТЫЙ ХОЛОСТЯК» Х/Ф. 22.00 «ЕЛКИ ПОСЛЕДНИЕ» Х/Ф. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 30 желтоқсан	Сейсенбі, 31 желтоқсан	Сәрсенбі, 1 қаңтар	Бейсенбі, 2 қаңтар	Жұма, 3 қаңтар	Сенбі, 4 қаңтар	Жексенбі, 5 қаңтар
<b>ТВ</b> <b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ</b> <b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ</b> <b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ</b> <b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ</b> <b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ</b> <b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ТВ</b> <b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00 Т/Х «СИНЯЯ КНИГА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 «ПРИКЛЮЧЕНИЯ В ИЗУМРУДНОМ ГОРОДЕ», Х/Ф. 11.05 «МОЯ МОРЯЧКА» Х/Ф. 12.25 «ЗАГАДАЙ ЖЕЛАНИЕ», Х/Ф. 14.00, 02.00 НОВОСТИ. 14.15, 02.15 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.15 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПАНСИОНАТ СКАЗКА, ИЛИ ЧУДЕСА ВКЛЮЧЕНЫ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.30, 03.45 П@UTINA.	06.00 Т/Х «СИНЯЯ КНИГА». 07.00 KÖREMİZ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.00 «НОВОГОДНИЙ ПЕРЕПОЛОХ», Х/Ф. 11.05 «ДЕДА МОРОЗА НЕ БЫВАЕТ» Х/Ф. 14.30 QOSLIKE. 17.30 ТОЧЬ-В-ТОЧЬ. 19.10 «ОДНА ДОМА» Х/Ф. 20.45, 00.05 НОВОГОДНЯЯ НОЧЬ НА ПЕРВОМ. 23.50 НОВОГОДНЕЕ ПОЗДРАВЛЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РК.	07.00, 03.30 ТАМАША СІГҮ. 08.10 «ЗОЛУШКА», Х/Ф. 09.30 «КТО ПРИДУМАЛ НОВЫЙ ГОД?». 10.30 «3 + 3?» Х/Ф. 13.45 Т/С «ЛАСТОЧКИНО ГНЕЗДО». 17.00 ЛУЧШЕ ВСЕХ! 18.30 «ИРОНИЯ СУДЬБЫ. ПРОДОЛЖЕНИЕ» Х/Ф. 20.35 ТРИ АККОРДА. 23.30 «ГРУЗЧИКИ» Х/Ф. 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.45 «П@UTINA».	06.00, 03.30 ТАМАША СІГҮ. 07.10, 02.45 «П@UTINA». 08.00 «МОРОЗКО» Х/Ф. 09.25 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.10 «СИННИЧКА» Х/Ф. 13.45 Т/С «ЛАСТОЧКИНО ГНЕЗДО». 17.00 ЛУЧШЕ ВСЕХ! 18.30 «ДЕД МОРОЗ. БИТВА МАГОВ» Х/Ф. 20.10 «ЛЕГЕНДЫ РЕТРО FM». 21.50 «ВЕЗЕТ», Х/Ф. 01.10 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.10 ТАМАША СІГҮ. 07.25, 02.25 «П@UTINA». 08.20 М/Ф. 09.25 ПРОУЮТ. 10.10 «СИННИЧКА» Х/Ф. 13.45 Т/С «ЛАСТОЧКИНО ГНЕЗДО». 17.00 ЛУЧШЕ ВСЕХ! 18.30 «НОВОГОДНИЙ ПЕРЕПОЛОХ» Х/Ф. 20.00 «МУЗЫКАЛЬНЫЙ ФЕСТИВАЛЬ». 22.50 «ВЕЗЕТ» Х/Ф. 00.55 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.35 ТАМАША СІГҮ. 07.25, 01.50 «П@UTINA». 08.15 М/Ф. 09.20 ПОЕХАЛИ! 10.10 «СИННИЧКА» Х/Ф. 13.45 Т/С «ЕЛКА НА МИЛЛИОН». 17.00 ЛУЧШЕ ВСЕХ! 18.45 «КТО ВЪЗВАЛ АННИМАТОРА?» Х/Ф. 20.35 «ЛЕКАРИ ДУШ» Х/Ф. 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.20 ТАМАША СІГҮ. 07.30, 01.50 «П@UTINA». 08.50 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 09.05 «МАРЬЯ- ИСКУСНИЦА» Х/Ф. 10.10 «СИННИЧКА» Х/Ф. 13.45 Т/С «Я ТЕБЯ НИКОМУ НЕ ОТДАМ». 17.00 «НА МОРЕ», Х/Ф. 18.45 «КУКОЛЬНИЙ ДОМ» Х/Ф. 20.35 «ПОКА ВСЕ ДОМА» Х/Ф. 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.

Әр іс - әрекеттің туына түрткі болар  
себеп бар. Адамның әр қарекетінен  
оның жандүниесінің сыры аңғарылады.  
Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.





АУЫР АТЛЕТИКА

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АУЫР АТЛЕТ ДЕНИС ПОЛУБОЯРИНОВ АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ



Қазақстан құрамасы ауыр атлетикадан Демада (Қатар) өткізілген жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында тағы бір алтын медаль жеңіп алды.

Жерлесіміз Денис Полубояринов 96 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сәтті өнер көрсетіп, жеңімпаз атанды.  
Қос сайыста спортшы жалпы 366 (161+205) келіні еңсерді.  
Екінші орынды ирандық Сепак Амирхосейн 349 (162+187) келімен иеленсе, үздік үштікті оның отандасы Эсфандиари Мохаммад 334 (152+182) келімен қорытындылады.  
Денис Полубояринов - біздің жерлесіміз, ол 2005 жылы 1 қазанда Успенка ауылында туған, қазір оның анасымен әжесі осы ауылда тұрады. Жас спортшы Ерік Көрімжанұлы Әлібаевтың жетекшілігімен ауыр атлетикаға келіп, қазір сәтті өнер көрсетіп жүр.

Айта кетейік, ауыр атлетшіміз бұған дейін Бахрейн астанасы - Манамада ол ересектер арасында Әлем чемпионатына қатысып, елдің намысын қорғаған болатын. Онда Денис Полубояринов 89 келі салмақта сынға түсіп, Б тобында жеңімпаз атанды. Мұнда ол жалпы 5-ші орын алды.  
Денис - Қазақстан Республикасы чемпионатының көп дүркін чемпионы, жастар арасындағы Әлем чемпионатының жеңімпазы (2022), жастар арасындағы Азия чемпионатының жеңімпазы (2022), жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының жеңімпазы (2024). ҚР спорт шебері және Халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

ГІР СПОРТЫ



## ЖЕТІСТЕРІМЕН ЖАСТАРҒА ҮЛГІ КӨРСЕТІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ТҮЛҒА

Гір спортымен айналыса отырып, Ерік Көрімжанұлы жас спортшыларға үлгі көрсетіп келеді. Сонымен қатар, ол табанды жаттығулардың арқасында спортта биік жетістіктерге жетіп, жерлестерін үнемі қуантып отырады. Оның айтуынша, спортпен айналысуға жас ерекшелігі еш кедергі келтірмейді. Ең бастысы, ынта, шыдамдылық пен спортқа деген сүйіспеншілік болса болды.

Биылғы жылдың 12-16-шы желтоқсан аралығында Астана қаласында жастар арасындағы бір спорты бойынша Қазақстан Республикасының Кубогы өтіп, онда Ерік Көрімжанұлы да жастармен қатар өз бағын сынады.

Бұл жарыстар жыл сайын өткізіліп, жылды қорытындылайтын аса жауапты дода.

Ерік Көрімжанұлы Әлібаев республика көлемінде танымал тұлға. Ол - ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Гір спортынан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия мен әлемнің бірнеше дүркін чемпионы, серпе, жұлқа көтеру және ұзақ цикл сияқты үш жаттығуда әлемдік рекордтар орнатқан ардагер спортшы. Ол сондай-ақ Азия және Әлем чемпиондары мен жүлдегерлерін, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлерін, Қазақстан құрамасының мүшелерін дайындаған жоғары санатты жаттықтырушы.

Қазақстан кубогында Ерік Әлібаев 2022 жылы - бірінші орынды жеңіп алса, өткен жылы екінші орынды иеленген, ал биыл үшінші орыннан көрінді. Дегенмен, нәтиже жаман емес. Телсе темір үзетін жастармен иық тіресе өнер көрсетудің өзі алпыстан асқан ардагер үшін үлкен өрік.

Ерік Көрімжанұлы бір спортымен үшінші жылдың көлемінде ғана айналысып келеді. Ардагер спортшы еш мойымайды, оның алға қойған мақсаттары айқын.

Алда өлі де көптеген жарыстар күтіп тұр. Қазақстан, Азия және Әлем чемпионаттары бар. Сондықтан біздің жерлесіміз өзінің жетістіктерімен барлығын қуанту үшін көп дайындалады екен.

Ендеше, Жаңа жыл қарсаңында Ерік ағамызға және оның отбасына зор денсаулық, амандық-саулық, мол бақыт және спорттық табыстар тілейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

СПАРТАКИАДА

## ТЖБ КОМАНДАСЫ ФУТЗАЛДАН ЖАРЫС ЖЕҢІМПАЗЫ

20 желтоқсан күні Батыр Баян атындағы денешынықтыру-сауықтыру кешенінде Булаев қаласының кәсіпорындары, ұйымдары мен мекемелері қызметкерлері арасында салалық спартакиада бағдарламасы аясында футзалдан жарыс болып өтті.

Тартысты өткен ойын қорытындылары бойынша аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің командасы чемпионы атанды. Шекарашы аяқдопшылар күміс жүлдені иеленсе, полиция бөлімінің құрамасы қола медальды ұтып алды.

Еске салар болсақ, спартакиада аясында келесі жарыс волейбол бойынша өтетін болады.

Қанат МҰСАТАЕВ,  
аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



Директор - бас редактор  
Пель ГОНЧАР

Газеттің мәшинің иесі:  
«Газета «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Сәулеттік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй.  
Тел: 2-17-49.  
Басылым нөмірі: 65360  
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына  
1 рет бейсенбі күні  
шығады

«Maghan Juldizy» газеті редакцияда теріліп беттеледі.  
«Северный Казахстан» баспаханасында басылады.  
(Шеронал қ., Коммуков к-сі, 5 үй).  
Тарауымы - 555

Газет аудан өкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады және газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басалым болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің мәшиніне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәсележрі жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.